

# АЙКЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

## Тілді білу үшін оған өзіңнің жан жүрегіңді айқара ашуың керек



Айхан ШӨРІП

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы ассамблеясының XV-сессиясы өтті. Оны ел Президенті, осы ұйымның төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, ашты. Сессия жұмысына республикалық және аймақтық этномәдени бірлестіктер басшылары, қос шатырлы Парламенттің депутаттары, Үкімет мүшелері, сондай-ақ саяси партиялар, діни конфессиялар, қоғамдық емес ұйымдар, шетелдік дипломатиялық өкілдер, халықаралық ұйымдар өкілдері қатысты. Ассамблея жұмысына көрші Ресейдегі Қабарда-Балқар, Қарашай-Шеркес республикаларының делегациясы арнайы қатысты. Делегация басшысы З.Тиловтың айтуынша, олар Кавказ халықтарын бөтенінсінбей, барған заманда

құшағына басқан қазақ халқына өз елдерінің шексіз алғысын жеткізуге келіпті.

Мемлекет басшысы, ҚХА басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеяға «еліміздің бірлік пен келісім киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықтың түпкі шанырағы» деген баға берді.

Бұл құрылым халқымыздың жүрек қалауымен, қоғамның ізгі тілегімен құрылған, — деп бастады сөзін Елбасы. — Сондықтан көпшіліктің көкейінде жүрген маңызды мәселелер осы мінбелерден айтылып жүр. Ассамблея осы жылдар ішінде даму жолынан өтіп, байыпты тәжірибе жинақтады. Ол еліміздің этносаралық қарым-қатынасты дамытудың іргелі институтына, татулық пенен сыйластықтын берекелі бекетіне айналды. Мәртебелі органның сессияларында қоғамдық өмірдің сан саласын қамтитын, оның қабілетіне ықпал жасайтын әлеуметтік мөні зор мәселелер де талқыланып жүр.

(Жалғасы 2-бетте)

«Айқын» газетінің арнаулы тілшісі Нұртөре ЖҮСІП Мәскеуден хабарлайды:

Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына сапары барысында Қазақстанның ұстанып отырған өзара келісім мен тұрақтылықты өлем және ТМД дәрежесінде тарату ниеті көзделді.

## Тамырын тереңге тартқан Қазақстан-Ресей қатынастары жаңа мазмұнға ие бола бермек

Бүкіл Ресей және Мәскеу патриархының викарийі, Сыртқы шіркеулер қатынастары бөлімінің төрағасы Волоколамск Архиепископы Иларион өкпеймен кездесу кезінде Қазақстанның дінаралық диалогты өрістету бастамаларына оң баға берді. Дәстүрлі діндер мен конфессиялар арасындағы өзара келісім мен түсіністік Қазақстан мен Ресей қарым-қатынастарын жақсартуға да негіз қалап отыр. Біздің еліміздің тәжірибесін өлем және ТМД елдері арасында тарату маңызды болар еді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы сая-

сатының арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынастар да жақсы дамып келеді. Президент Н.Назарбаевтың бұл тарапта сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі өте зор, — деді Сенат төрағасы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы достық байланыстарды баяндағы етуге алдағы әлемдік діндер сөзіннің маңызын айрықша атап өтті. Ол ІҮ әлемдік діндер сөзін Ресей патриархы Кириллдің қатысуы осы бір мәртебелі жиынның маңызын арттыратынын айтты.

Өз кезегінде Иларион өкпей Сенат төрағасының өлемдік діндер сөзіне шақыртуын құп алды. Ол Қазақстанның дінаралық татулық пен жарасымды даму үлгісіне ерекше ілтипат білдірді. Бұл кездесу патриархтың өкілдік резиденциясы болып табылатын Ресейдегі көне мәдени-тарихи ескерткіштер қатарындағы Свято-Данилов монастырінде өтті. Дінбасылары атап көрсеткендей, Қазақстан — ТМД аумағындағы үлгілі мемлекеттің бірі.

(Жалғасы 2-бетте)

### ҚҰБЫЛЫС

#### Латвияға метеорит құлады

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Латвияның Мазсалаца қаласының маңына жексенбі күні сағат 13.30 шамасында метеорит құлаған. Метеорит құлаған жерде аумағы 20 метр, тереңдігі 5 метр кратер пайда болған. «Жермен түйіскен аспан денесінің массасы аса үлкен болмағандықтан, қала тұрғындары зардап шеккен жоқ. Қазір оқиға орнында құтқарушылар мен полиция жұмыс істеуде, олар кратерді айналдыра қоршап, арнайы мамандар келгенше ешкімді өткізбеуде. Қазір метеорит құлаған маңда радиацияның бар-жоғы анықталуда» деп мәлімдеді Мемлекеттік өрттен құтқару қызметі бастығының көмекшісі Инга Ветере.

Күші тротил эквивалентімен 1 килотонна болатын аспан денесі бытырғы жылы қазан айында Судан мен Египеттің шекарасына құлаған болатын. Жақында австралиялық астроном Роберт Макнот Жерге жақындап келе жатқан кезекті астероидты анықтады. 2009 DD45 деп аталған бұл аспан денесі 8 км/с жылдамдықпен келе жатқан көрінісі. Ал 2015 жылы 25 қазанда Орта-Түстік Еуропаға келіп құлайтын метеориттік көлемі Түңғыс метеоритімен шамалас болмақ. Варшавада болған «Үлкен сегіздік» саммитінде Жерге қауіп төндірген аспан денесін арнайы зымырандар арқылы жою туралы шешім шығарды.

### «МӘДЕНИ МҰРА»

#### Абылай хан — ерлік пен елдіктің символы

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Ақмола облысындағы Бурабай мемлекеттік ұлттық паркінде «Абылай хан» экспозициялық кешені ашылды. Өз дәуірінде қаймана қазақтың қамы мен бірлігі үшін саналы ұмырын сарп еткен Абылай ханға арналған игілікті істі «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Президент Іс басқармасымен бірлесе жүзеге асырған.

— Абылай — ерекше образ, ерекше символ. Абылай — өжеттіктің, айбарлы мінездің, табандылықтың, қайраттылықтың, ерліктің символы, — деді «Абылай хан» экспозициялық-кешенінің салтанаты ашылуында «Нұр Отан» ХДП Хатшысы Ержан Қарин XVII ғасырда үш жүздің басын қосқан ұлы хан туралы терең толғап. — Сонымен қатар Абылай — парасаттылықтың, даналықтың символы. Абылай — қазақтың

халық ретінде ұйысуына еңбегі сіңген ұлт көсемі. Осы тұста Ержан Тынымбайұлы бүгінде қазақ ұлтының қазіргі бірлігі мен ынтымағының символы — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екенін қалап айтты. Оның ойынша, кезінде Абылай бабамыз еліміз ретінде ұйыстырып, ынтымағын арттырса, бүгінде Елбасымыз қазақтың басын қосып, Алты алашқа көсем болуда. «Кеше ғана Түркияға барған Елбасымызды түркі елдерінің лидері деп те атап жатқаны кездейсоқ емес. Сондықтан да әрбір ұлт өз ұлыларын ұлықтай, ардақтай білуі керек», — деді Ержан Қарин қос дәуірдің кемел қайраткерін салыстыра.

Ержан Тынымбайұлы, сондай-ақ ол: «қазақтың әрбір жері, әрбір тауы ұлы» — деді тебірене. «Батыстағы Оқпан тау, оңтүстіктегі Қаратау, орталықтағы Ұлытау, Сарыарқадағы Көкшетау өзінше киелі. Олардың қай-қайсы да қазақтың бірлігін, ынтымақтығының символы. Сондықтан қа-

зақтың әрбір жері тандаланып тұруы керек», — деген партия хатшысы «Абылай хан» экспозициялық кешенінің осы орайда маңызы ерен екенін тоқталды. «Бұл жас ұрпақтың осы жерге келгенде жай ғана демалып, уақыт өткізетін жері болмауы қажет. Талай тарихи оқиғаларға куә болған тасы мен тауы да қадірлі, кәстерлі жерде Абылайдың ақ орласы тігілгені жас ұрпақ білгені абзал. Абылай бабамыздың табаны тиген жерге келген кез келген азаматтың іштей намысы оянып, өздерінің елінің, жерінің, мемлекетінің бар екендігіне мақтанып, оның терең тарихын сезіне білгені жөн». Кешеннің авторы Қоңыр Мұхамдиев, «жалпы, танымдық дүние Абылай бабамыздың кім екенін көрсетеді. Қазақ халқының сыртқа танытатын тарихи деректер мен фотодокументтердің көшірмелеріне байланысты біз көркем сурет туындыларын жасадық» — дейді.

(Жалғасы 5-бетте)

### ЖӘДІГЕР

#### «Бесшатырды» сақтап қалу қажет!

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ

Алматы қаласында БАҚ өкілдерімен бас қосқан «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы Мәліс Елеусізов дүйім жұртшылыққа осындай үндеу тастады.

Сонғы уақытта Мәліс Қамзаұлын қазақ халқы тарихының ажырағысыз бір бұтағы болып табылатын «Бесшатыр» сактар қорғанының бүгінгі жайы айрықша алаңдатып жүр. «Ең өкініштісі, сактар патшалығының үрім-бұтағы жерленген осынау баға жетпес тарихи қорғанның үшеуі кешегі Кеңестік кезеңде бульдозермен бузылып, жермен-жерекен болды. Біздің ендігі мақсатымыз — «Бесшатыр» қорғаны кешенін қаз-қалпында сақтап қалу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Осы мақсатта бесшатырдан бастап, осы қорғанды қамқорлыққа алып, қираған қорғандарды қалпына келтірудеміз. Сөйтіп, өткен жылы 150 шақты жасөспірімді ұйымдастырып, аталмыш қорған аймағында тазалық, қалпына келтіру шараларын жүзеге асырдық. Алдағы 4 қарашадан бастап арнайы топ тағы

да «Бесшатыр» қорғанына аттанбақ. Бұйырғас, бұл жолы игілікті іске 300-дей жасөспірімді тартпақпыз. Негізінен бұл жерге Алматы қалалық және Алматы облыстық ІІД жасөспірімдер ісі жөніндегі бөлімдерімен бірлесе отырып, тәрбиеге көңілді «кни» балаларды апармақпыз. Себебі мұнда жасөспірімдердің дала қосында «өмір сүріп», табиғаттың дүлей күшімен бетпе-бет келуі де мүмкін. Демек, мұндағы ауа райының қойайсыздығына кез келген жасөспірім шылдамайды. Сондықтан да «Бесшатыр» қорғанында жұмыс жасауға бел байлаған жастардың әр тобы 10 күн сайын кезек-кезек ауысып отырады. Оның үстіне, қайсыбір жасөспірімдер «біз де барамыз» деп ниет білдіріп жатса, оларды қатарымызға алуға дайынбыз», — деп «Табиғат» экоодағының төрағасы Мәліс Елеусізов ойын ортаға салды.

Жылдағыдан бір ерекшелігі, биыл бұл жобаға «Күретамыр» қоғамдық қорының атсалысуымен ұлттық колөнерді халық арасына деріптеп жүрген қос шебер қатысып, жастарды ұлттық өнерге де баулымақ.

(Жалғасы 5-бетте)

### ТЕКСЕРІС

#### Автотұрақтардан түскен ақша кімнің қалтасында?

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Алматыдағы «Алматы паркинг» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіне тексеру жүргізіледі, деп хабарлайды Қаржы министрілігінің Салық комитетінен.

Алматы көшелеріне көлік сыймай жатқаны рас. Көлікті қантарып қоятын орын табылмайды. Арнайы жасалған автотұрақтардың бәрі ақылы, тіпті кейбір көшенің бойларында «Алматы паркинг» мекемесінің қызметкерлері ақша жинап тұрады.

Егер үлкен дүкендер мен базарлардың маңайындағы көшелердің бойына 5-10 минутқа аялдайтын болсаңыз, сол жерде жалдап жүретін, «Алматы паркинг» деген жазуы бар күрте киген жігіттерге (парковщик) ақша төлеуге міндеттейді. Бұл тіпті барлық қала тұрғындарына ортақ жерлерді де міншіктеп болады. Демек, олар заңсыз жұмыс істеп, көлік иелерін қанап жүр. «Алматы паркинг» мекемесінің басшылары «парковщиктерге ақы төлеу-төлемей әрбір жүргізушінің өз еркінде» деп жариялаған болатын, бірақ олардың қызметкерлері алақандарын жайып, әрбір көліктен кемінде 100 теңге алып қалуға тырысады.

Қалалық Жол полициясы басқармасының мәліметтері бойынша, Алматыда бүгінгі күнге дейін 545 мың автокөлік тіркелген. Оған қоса, Алматы күніне 150-200 мың көлік кіретін көрінеді. Қалалық Жол полициясы басқармасының бастығы Арман Сарбасовтың айтуынша, күн сайын қала көшелеріне 900 мың автокөлік шығады екен. Бұл күні бойы қозғалыста болмайтыны белгілі, автокөлік иелері жұмыспен барған жердегі автотұрақтарға машиналарын қояды. Орта есеппен күніне 600 мың көлік жүргізуші көше бойын жекешелендіріп алған бақылаушыларға 200-300 теңгеден берді деп есептесек, олардың күніне табатын пайдасы миллион доллардан асып түседі. Алайда «Алматы паркинг» кәсіпорны жинайтын ақша Алматы қалалық бюджетіне түспейді екен.

(Жалғасы 6-бетте)

### Көкейдегі сауал

### Көкейдегі сауал

### Көкейдегі сауал

Еліміздің әрбір министрлігіндегі жауапты хатшы институтының мәртебесін көтеру үшін, олардың өкілеттілігін әлі де болса арттыру қажет деп ойлайсыз ба?



Расул ЖУМАЛЫ, саясаттанушы:

— Жауапты хатшы қызметі кейбір шетелдерде бар дүние. Оларда көбіне Мемлекеттік министр деп аталады. Оның негізгі міндеті — ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелермен айналысу, ал министр тікелей осы министрліктің күнделікті жұмысын жүргізіп отырған саясатын нөм басымдықтарын айқындап отырады. Бізде де осындай тәжірибені енгізуге тырысты. Алайда жауапты хатшының қызметі нақтыланбағандықтан, бір министрлікте біріне-бірі бағынбайтын екі басшы пайда болды. «Бір табакқа екі қосқардың басы сыймайтын секілді» екі басшы дұрлараз болған жерде министрліктің жұмысы алға баса қояды деп айту қиындау. Сондықтан жауапты хатшының негізгі қызметін анықтап алып, сосын ығыға қарай өкілеттігін арттыруға болатын шығар.



Арымбай АҒЫБАЕВ, заңгер:

— Ең біріншіден жауапты хатшының өкілеттігін арттырмас бұрын, оның немен айналысатынын нақты көрсету керек. Сосын барып өкілеттігін де, жауапкершілігін де міншіктеп болады. Ол мекемеде министрден кейінгі екінші тұлға болуы тиіс. Сондай-ақ ол кадр мәселесі, жұмысты ұйымдастыру, қажет болса мекеменің барлық тірлігіне жауап беруі керек. Тағы бір мәселе жауапты хатшының немен айналысатынын халыққа түсіндіруіміз қажет. Сонда ғана жауапты хатшы өзінің деңгейін сезінеді.



Уәлихан ҚАЛИЖАН, Мәжіліс депутаты:

— Жауапты хатшылар институты құрылған кезде, олар министрліктерде кадр мәселесімен айналысуы керектігі белгіленген болатын. Бұл бағыт дұрыс еді. Өйткені жауапты хатшы деген — тікелей Президент Әкімшілігімен тығыз жұмыс істеп отыратын орган. Оны министр өз еркімен жұмысқа қабылдап, не болмаса алып тастай алмайды. Өкінішке қарай, соңғы сот процестеріне қарайтын болсақ, кейбір министрлер өздерінің асыра сілтеген өрекеттері жауапты хатшыларға қарай ысырып тастағаны келді. Сондықтан болашақта өкімшілік реформалар жүргізу барысында жауапты хатшылардың мәртебесін дұрыстап бекіту, нақтылау керек. Осы жөнінде қол ұзаймын. Үкімет дұрыс шешім қабылдайды ғой деп ойлаймын.

### Ақ сөйле!




Бақыт МӘЖЕНОВА:

ХАЛЫҚ ӨЗ САЛЫМДАРЫНЫҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕНІН БІЛУІ КЕРЕК 3-БЕТ

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# Тамырын тереңге тартқан

Қазақстан-Ресей қатынастары жаңа мазмұнға ие бола бермек



(Басы 1-бетте)

Сондықтан да Қазақстан бірінші кезекте Достастық мемлекеттері арасында конфессияаралық бейбітшілік пен келісім тәжірибесін өзгелерге тарту керек. Қазақстандағы мұсылман мен Ресей жетекші елдер бола алады. Сонымен қатар Мәскеу патриархиясы Астанада жыл сайын өткізілетін әлемдік діндер съезін құптауға және Қазақстан мен Ресей арасындағы дінаралық әріптестікті дамытуға қол ұшын беруге әзір. Қазақстан мен Ресей дінаралық әріптестікте жетекші бола алады. Қазақстандағы мұсылмандар діни басқармасы мен Ресейдегі РПЦ жалған діни секталарға қарсы мәселелерде қарым-қатынасты жалғастырып және оған күш салуды өз міндеттері санайтындықтарын кездесу барысында ерекше атап өтті.

— Қазақстан дінаралық татулықты сақтап, дамытып отырған үлгілі ел. Қазақстанның тәжірибесі қай елге болса да үлгі етуге тұрарлық. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегі мен сыйларды саясатын айрықша атап өткізіледі. Мен Қазақстанда болғаным, Қазақстанның жеткен жетістіктері мен талағы табыстарына қанықпын. Әлемдік діндер съезіне қатысуға Патриарх Кирилл мырза да пейілді болары сөзсіз. Біз Қазақстанның бұл тарапты жетістіктеріне әрдайым қызыға қараймыз, — деді Иларион өкеев.

Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясы Федералды Жүйесінің Федерация Кеңесінің төрағасы Сергей Мироновпен кездесті. Бұл кездесу де жылы шырайлы жағдайда өтті. Тараптар екі ел арасындағы екіжақты байланыстарды одан әрі өрістетудің өзекті қырларын өңгіме өзегіне айналдырды.

— Біз кездесу барысында Ресей мен Қазақстан арасындағы байланыстарды дамытудың көптеген аспектілерін сөз еттік, — деді журналистерге арналған брифингте Сергей Миронов мырза. — Бұл мәселелердің қатарында Қазақстанның ОБСЕ-ге төрағалық етуі, Жетістік 65 жылдығы, Парламентарлық байланыстарды одан әрі жақсарту сияқты өзекті мәселелер бар.

— Менің ойымша, бұл өте маңызды және өте пайдалы кездесу болды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. — Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға бүгінгі кездесуде талқыланған мәселелер жаңаша серпін беретіні анық. Біз Парламентарлық байланыстарды өрістетуге бару тұрғысында екі ел арасындағы қарым-қатынасты тиығыз арттыра беру ниетін көздейміз. Осы сапарға біздің бір топ сенаторлармыз да келді. Олардың тобы жемісті жұмыс жасайтын болады. Мен Федерация Кеңесінің төрағасы Сергей Миронов мырзаның Қазақстанға ресми сапармен келуін бәрінен қалайтындымыз айтқым келеді.

— Сіздің шақыртуыңызды қабыл алдым, — деді Сергей Миронов. — Бірақ бұл жылы мүмкіндік болмас. Келесі жылы міндетті түрде Қазақстанға барамын. Бүгінгі кездесуде екі елдің көптеген мәселелер бірлескен көзқарасы айқындалғанын атап өткізіледі. Өзіресе ТМД болашағы туралы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ТМД болды, болған және бола беруді» деген сөзін тағы да қайталағым келіп тұр, — деді.

Қазақстан Парламенті Сенатының

## Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

# Тілді білу үшін оған өзіңнің жан жүрегіңді айқара ашуың керек

(Басы 1-бетте)

Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, Біріккен Ұлттар ұйымының шағын үлгісіндей қызмет ететін Қазақстан халқы ассамблеясының тәжірибесіне бүгінде АҚШ, Қытай, Ұлыбритания сынды алпауыт, көпұлысты мемлекеттер терең үңіліп, зерделеп жатқан көрінеді. «Біздің үлгімізді шетелдік мәртебелі меймандар да үлгі тұтады, — деп сабақтады сөзін Президент. — Олар сессия жұмысына арнайы катанасып, Ассамблея қызметінің жаңа қырларын үйренуде. Бағыт-бағдарларынан тәлім алуа. Ең бастысы, Ассамблеяның әрбір сессиясын қарапайым халық тарапынан күтеді. Өйткені барлық этносты бауырына басып, құшағына алған бұл құрылымның әрбір жылда ортақ Отанымыздың келешегіне қатысты аса маңызды ой-пікірлер, ұсыныстар ортаға салынады. Сессияның бүгінгі мәжілісінде де сондай өзекті мәселелер талқыланып, шешім қабылданды деп сенемін».

### «Қазақ халқының бұл тарихи миссияны абыроймен атқаруына сенемін»

Өз сөзінің «өлкісасында» Елбасы Ассамблея мүшесінен ең алдымен қазақтарға жүгінуі жөн деп тауыпты. «Ұлыстың ұйытқысы болған қымбатты қандастарым, құрметті қазақ бауырларым!» деген Нұрсұлтан Назарбаев ары қарай «бүгінде дүниежүзінде екі жүзге тарта мемлекет барлығын», ал «үш мыңға жуық этностың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ» екендігін еске сала кетті. Алғашында қазақ халқының қазіргі ұрпағы ата-бабаларымыздың аңсаған арманына қол жеткізіп, мыңжылдықтың түйсікпен тоғысында тәуелсіз мемлекет құра алды.

— Біз, қазақтар, араға ғасырлар салып өз жерімізде алғаш рет еркін тыныстап, еңсе тіктейдік, қазақ тілі өркен жайып, балаларымыз ана тілінде тәрбие алып келеді, — деді Елбасы. — Тағдырдың жазуымен, тарихтың талқысымен қазақ жерін паналаған түрлі этнос өкпелеріміз бірге біз ортақ Отанымызды көктерге жолында айыпай тер түгелдеміз. Олар біздің қызықпен, сын сағатқа көрсеткен жақсылығымызға риясыз алғысын айтып келеді.

Нұрсұлтан Назарбаев солан бері дәуір алмасқанын, заман өзгергенін, демек, қазаққа да өзгеретін кез жеткендігін жеткізді. «Қазір байырғы қазақ жерінде жаңа азаматтық қоғам қалыптасып келеді. ХХІ ғасырда қазақтар мемлекет құрушы, құраушы ұлт ретінде және белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді лінгегіне айналуда. Бұл ретте тағы да бір айта кететінім, Қазақстанның тәуелсіздігі нығаюу үшін, болашақты өмір-өспекенділігі үшін қазақ, өзіндік ұлттың бірлігі керек. Ішкі ынтымағы қымбат. Бөріне жеттік, тәуелсіз болдық деп енді бөріміз билікке барып жармаспай, бас басына би болып, жан-жаққа тартсақ, қызын келген тәуелсіздікпен еркіндіктен айырылып қаламыз. Мен оны өңделіп айттып отырмын. Қазақ халқы өзіне жүктелген аса маңызды жауапкершілік сөзіне отырып, бұл тарихи миссияны абыроймен атқарып шығаруына мен көміл сенемін!» деп нықтады Елбасы.

### Ассамблея қазақ тілін үйретудің жалпыхалықтық үдерісін бастауы керек

Ел Президенті өз сөзінде мемлекеттік тілге қатысты көкірекке түйген, көңілде жүрген келеді ойларын, байыпты байланыстарын ортаға салды. Осы орайда кеше КХА ұйымына салмақты міндет, зор жауапкершілік жүктелді. Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша, енді Қазақстан халқы ассамблеясы «ел халқының мемлекеттік тілді меңгеруінің жалпыхалықтық процесін басқаруға тиіс». Бұл үшін ешкімді де кемсітпей және төмендетпей-ақ, қажетті шаралар келесінін жүзегі жүзеге асыру қажет. Қазақстандықтар мемлекеттік тілді біртүрлі меңгерулері үшін мемлекет барлық жағдайларды жасалды және жетілдікті қаржы бөлді. Тек қана соларды дұрыстап пайдалану қажет. Бұл дегеніміз, мемлекеттік тілде оқытатын орталықтардың желісін кеңейту, оларды әрбір қалада және аудан орталықтарында, жоғары оқу орындары мен мекемелерде құру дегенді білдіреді. Оларға көмектесіп, ынтылдандыру қажет» деді Мемлекет басшысы. Бұл жерде Президент оқытудың иннова-

циялық формасын батыл өрі кен аukum-да енгізу қажеттігін баса айтты. Яғни ескірген, нәтиже бермейтін әдістерден бас тартатын кез жеткендей. «Телерадио хабарларын Мемлекеттік тілде тарату үшін үлесін арттыру» — маңызды. Алайда оларды субтитрлермен сүйемелдеу қажет. Интернетте қазақ тілді кеңістікті дамыту, іскерлік, көркемдік және басқа да әдебиеттерді қазақ тіліне көптеп аудару керек» деді Елбасы. Осы тұста Елбасы шенеуніктер құлақ қоюға міндетті байламын мәлім етті.

— Кеңестерде қазақ тілінде сөйлесіп, бірақ өңгіме не жайында болып жатқанын басқалар да ұғынуы үшін синхрондық аударма болуға тиіс. Бұл қиын емес қой! — деді Мемлекет басшысы. Елбасының айтуынша, мемлекеттік тілді дамытуға табыс тек мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғамның белсенділігіне байланысты.

Елбасы мемлекеттік тілдің — халық бірлігінің негізгі факторы екендігін шегелей айтты. «Бұл ұлы істің қаншалықты табысқа жететіндігі тек мемлекетке ғана емес, бүкіл қоғамның белсенділігіне де байланысты, — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. — Зиялы қауым өкілдері мемлекеттің қазақ тілін салғырттығы турасындағы ұсақ, ызалы толғанғыстардан жоғары тұруға тиіс. Бұл ретте мемлекет-

мүмкін. Президенттің айтуынша, адамдарды қандай да бір жат дінді қабылдауға мәжбүрлеу қажет. Бұған діндердің өзі тырыш салады. «Сондықтан жастарға айрықша назар аудару керек. Бүгінде бір-қатар жас қазақстандықтар діни білімді шетелдерде алуа. Олардың шынайы дінге ешқандай да қатысы жоқ экстремистік идеялардың ықпалына түсіп кетуі оқиғалары бар. Біздің тұғырлы конфессияларымыздың мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, дінге сенетін жастармен белсенді жұмыс жасағаны, оларға ақиқат діни білімдермен сусындауына көмектескені жөн болар еді» деген Елбасы осы себептен, Қазақстанда Дін істері жөніндегі агенттік құру қажеттілігі туындағанын айтты. «Президент Әкімшілігіне және Үкіметке осы мәселені псықтауды тапсырмай» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының үйлестіруші ролін күшейтіп, Ассамблея жанынан «Ақсақалдар алқасын» құру туралы ұсыныстармен шықты. Оның айтуынша, Ассамблея жанындағы ғылыми сараптамалық кеңес белсенді жұмыс істеу қажет. «Этникааралық қатынастар мәселесінде қолданбалы зерттеулерді жүргізуші ғалымдарға арнап, гранттар бөлу керек. Қазақстан халқы ассамблеясы Жастар Конгресімен көп жұмыс істеуі тиіс. Мә-

Елбасының ұсынысымен бұдан былай еліміздегі тұрақтылық пен бірліктің сақтану құруына үлес қосып жүрген азаматтар да марапатталып отыратын болады. «Республикамыздағы бейбітшілік пен келісімді нығайтуға зор үлес қосып жүргендерді Қазақстан халқы ассамблеясы тарапынан салмақты қолдау туралы мәселені псықтаған жөн, — деді Н. Назарбаев. — Ондай азаматтардың елімізде барын білуі қажет. Ендіше, неге, қоғамдық марапатты, мәселен, «Қазақстан халқының бірлігі» алтын медалін тағайындамасқа?! Бұл, сөзсіз, біздің Ассамблеяның беделін арттыруға қызмет ететін болады».

Елбасының айтуынша, этникааралық және конфессияаралық татулықтың қазақстандық үлгісі кеңірек насихатталуы қажет. «Дәл осы мақсатта еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығын тиімді пайдалануға болады. Халықаралық ұйымға төрағалық ету барысында біз этникааралық және конфессияаралық келісім мәселесіне баса назар аударатын боламыз. Бұл фактор Қазақстанның «Еуропадағы жол» мемлекеттік бағдарламасында да айқын көрсетілген. Сондықтан Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері еліміздің осы бағыттағы тәжірибесін өзге тілде жазып, түрлі оқулықтар түрінде тартуы керек» деді Мемлекет басшысы.

### Елбасының қойған үш сұрақ

Ассамблеясының 15-сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық бірлік доктринасын» псықтаудың арнайы жұмыс комиссиясын құруды жүктелді. «Алдыңғы сессияда мен «Қазақстанның ұлттық бірлігін доктринасы» жобасын әзірлеуді тапсырғаным. Ол сіздерге тартылды. Оның жобасы бойынша мамандар, сарапшылар және ғалымдар салмақты жұмыс істеді. Біз мұндай талқылау керек. Осы мақсатта саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың және этномәдени орталықтардың қатысуымен егжей-тегжейлі әрі жан-жақты қоғамдық сараптама жүргізу керек. Бүгін доктринаны псықтауды үшін арнайы жұмыс тобын құру және менің Жарлығымның жобасын дайындау қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысы ел тарихында алғаш рет қабылданып отырған жаңа тұрпатты Доктринаның бір жағынан «еліміздің мол тәжірибесін тұжырымдайтын жиынтық құжатқа», ал екінші жағынан, «ілгері жылжуға арналған мақтаны, берік негізге, саяси тұрақтылыққа, еліміздегі бірлік пен келісімді одан әрі нығайтудың, ұлттық саясатты жүргізудің орта және ұзақмерзімді стратегиясына» айналуда тиістігін қалап айтты.

Елбасының пайымдауынша, «Ұлттық бірлік доктринасы» мынадай үш сұраққа: атап айтқанда, «ұлттық бірлік дегеніміз біз нені түсінеміз?», «не үшін бізге ұлттық бірлікті нығайту маңызды?» және «не нәрсені ұлттық бірліктің негізі болып табылады?» деген сұрақтарға айқын әрі нақты жауап беруі тиіс.

— Халқымыздың татулығы мен бірлігі — еліміздің өркендеп, алға басуының басты шарты, — деді сөз қорытындысында Елбасы, КХА төрағасы Н. Назарбаев. — Осы байлығымызды қалдырмай, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату — отанымыздың жарқын болашағының кепілі болмақ. Бүкіл Қазақстан халқы мен оның әрбір этносның тағдыры үшін ең алдымен Ассамблея мүшелері, мына сіздер, жауап беруге тиіссіздер деп еді. Сіздер бірлігі жарасқан Қазақстанның абыройын мен беделіңіз, ғасырлар бойы қалыптасқан жарасымды салт-дәстүрлеріңізді жаңғыртатын болсаңыздар, Берекесі — бірлік» деді қазақ. Ал берекелі бірлігі жарасқан елдің тұты биік, болашағы жарқын болатынын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Біз дүниежүзі бір-бірімен өтене арасылап, біте қайнасаң кезінде өмір сүреміз. Әлемді шарпыған дағдарыс әлі аяқталған жоқ. Жаһандық дағдарыс соғуы мүмкін. Сондықтан ең қауіпті қазынамызды — тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекетімізді нығайта беру үшін бізге ең әуелі бірлік қажет! Олай болса, қашанда еңселеріңіз биік, татулығымыз баянды болып, ел келешегі жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін.



Советбек МАҒЫМОВ (фото)

тілді дамыту, оны өзірше білмейтіндерді кемсітуге апарып соқпауы қажет. Біздің азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға жол берілмейді. Оларға құқық қорғау органдары дереу тоқсанулы қойып отыруы керек. Қазақ тілін орыс тіліне қарсы қою қате. Орыс тілі біздің мәдениетіміздің бөлінісін байлығын бір бөлігі, әлемдік білімнің ауқымын қатпарып танудың, ұлтаралық қарым-қатынастың тілі» деген Президент артына алағы уақытта қазақ тілі еліміздегі ұлт пен ұлыстардың өзара ортақ қарым-қатынас тіліне айналатындығын ескертуді ұмытпады. Сонымен қатар Елбасы өскелең ұрпақтың қазақ тілін үйренуіне деген қызығушылығын ынталандыруға бағытталған бастамаларды өрділді ынталандырып отыруға шақырды. «Осы жолға түскен барлық ата-аналарға рақмет айту қажет» деді ол.

Нұрсұлтан Назарбаев Тілдердің қызмет етуінің және дамуының онжылдық мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, қабылдау туралы тапсырма берді. Бұл жерде «Тілдердің үш тұғырлығы» бағдарламасы бойынша жұмыстар қайта жандандырылды. «Жалпы, тілді білу үшін оған өзіннің жан-жүрегіңді айқара ашуың керек. Шектеулермен және ләзекті мәжбүрлеулермен бұл жерде жетістікке жете алмайсың. Біз қазақ тілінде сөйлеуге деген тілек әрбір қазақстанның үш табиғи, қалыпты жайт болуы үшін бәрін жасауымыз керек. Сонымен бір мезгілде Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностардың ана тілін, төл мәдени мұрасының және салт-дәстүрінің еркін дамуы үшін бұдан былай да барлық жағдайды жасайтын боламыз. Сондықтан 2011-2020 жылдарға арналған тілдердің қызмет етуінің және оларды дамытуының мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, қабылдау қажет» деді Н. Назарбаев.

### Тағы бір агенттік құрылуы мүмкін

Елбасы өз сөзінде біраз тың ұсыныстарын жария етті. Мәселен, Дін істері жөніндегі арнайы агенттік құрылуы

Ассамблеяның тигізген ықпалы аса зор.

Лео ПИИК, Шығыс Қазақстан облысының өкілі:

— Қазақстан халқы ассамблеясының қызметі уақыт өткен сайын кеңейіп, күрделеніп келеді. Оның мемлекет өміріндегі, қоғам өміріндегі маңызы да арта түседі. Ассамблеяның қоғамдағы мән-маңызы осы орган туралы арнайы заң қабылданғанын кейін артты.

Шығыс Қазақстан облысында қазір бізде ұлттық тілдер мен мәдениеттерді жанғыртуға арналған мектептер жұмыс істеп бастады. Сондай-ақ аймақта 65 этно-мәдени бірлестіктер бар. Шығыс Қазақстанда 105 ұлттың өкілі тату-төтті өмір сүріп жатыр. Біз Қытай елімен, Ресеймен, Монғолиямен және өзге де бір-қатар мемлекеттермен шекаралас жатқан елміз. Бұл елдермен қазір біздің экономикалық байланыстарымыз өсіп келеді. Қазақстан халқы ассамблеясы — демократияның көрінісі. Менің ұлым — неміс. Қазір Германияда Қазақстан күн-

### Пікір

Орал ТӨЛЕБАЕВ, Батыс Қазақстан облыстық халықтық ұйымының басшысы:

— Елбасы өз сөзінде «біздің халқымыздың бірлігі мен келісімі дәл қазір бұрын-соңды болмағандай, мығым» деп атап өтті. Өйткені елдің енесі тік, рухы биік деп айтуға болады. Қазақстанда бүгінгі таңда атқарылып жатқан шаралар стратегиялық маңызды және нақты іс жүзінде жүзеге асып жатқан міндеттер. Оған елордамыз Астана мысал бола алады. Бүгінде ол жасарланған міндеттерге сай, әлемдегі көрікті деген қалалардың біріне айналып келеді. Мемлекет алдына жоһарлап отырған міндеттердің нақты іс асуының арқасында қалып көпшіліктің де мемлекеттің болашағына деген сенімі нығайып келеді.

Жалпы, Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі іргесі — ұлтаралық қарым-қатынас. Ал екінші іргесі — дінаралық байланыс. Біз еліміздегі ұлтаралық қатынастың қаншалықты дамығандығын тәуелсіздік жылдарында өлем елдеріне паш еттік. Жағдайың біз үшін тиімді қалыптасуына

Ассамблея қызметкерлері елге тіл саясатына қатысты міндеттерді жүзеге асыратын негізгі орган ретінде ұйымдастырылуы тиіс шаралар барысында осы мәселені бірінші кезекте ескерулері керек.

Индра НИЗАМУТДИНОВА, «Тан-татар-башқұрт ұлттық мәдени орталығының өкілі:

— Біздің халықтар өзара туыстас, түркі тілдес елдер ғой. Бірақ қазір қарап тұрсаң, ең жақын деген елдер де, тіпті бұрынғы біртұтас жұрттар да бөле жаралып, бір-бірімен күркісып жатыр. Ал Қазақстанда өзгелер қызғана, қызғана қарап бейбіт өмір, берекелі тірлік орнаған.

Нұрсұлтан Назарбаев біздің көп-басшымыз ретінде ешкімді қалың қалдырмай, кемсітпей, елдегі ұлт пен барлық ұлыстарды ұйғытып, біріктіруге тырысып келеді. Осының барлығы біздер бір елдің азаматты ретінде сезінуіміз үшін жасалып жатқан шаруа.

Елбасының

### Пікір

Орал ТӨЛЕБАЕВ, Батыс Қазақстан облыстық халықтық ұйымының басшысы:

— Елбасы өз сөзінде «біздің халқымыздың бірлігі мен келісімі дәл қазір бұрын-соңды болмағандай, мығым» деп атап өтті. Өйткені елдің енесі тік, рухы биік деп айтуға болады. Қазақстанда бүгінгі таңда атқарылып жатқан шаралар стратегиялық маңызды және нақты іс жүзінде жүзеге асып жатқан міндеттер. Оған елордамыз Астана мысал бола алады. Бүгінде ол жасарланған міндеттерге сай, әлемдегі көрікті деген қалалардың біріне айналып келеді. Мемлекет алдына жоһарлап отырған міндеттердің нақты іс асуының арқасында қалып көпшіліктің де мемлекеттің болашағына деген сенімі нығайып келеді.

Жалпы, Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі іргесі — ұлтаралық қарым-қатынас. Ал екінші іргесі — дінаралық байланыс. Біз еліміздегі ұлтаралық қатынастың қаншалықты дамығандығын тәуелсіздік жылдарында өлем елдеріне паш еттік. Жағдайың біз үшін тиімді қалыптасуына

Ассамблея қызметкерлері елге тіл саясатына қатысты міндеттерді жүзеге асыратын негізгі орган ретінде ұйымдастырылуы тиіс шаралар барысында осы мәселені бірінші кезекте ескерулері керек.

Индра НИЗАМУТДИНОВА, «Тан-татар-башқұрт ұлттық мәдени орталығының өкілі:

— Біздің халықтар өзара туыстас, түркі тілдес елдер ғой. Бірақ қазір қарап тұрсаң, ең жақын деген елдер де, тіпті бұрынғы біртұтас жұрттар да бөле жаралып, бір-бірімен күркісып жатыр. Ал Қазақстанда өзгелер қызғана, қызғана қарап бейбіт өмір, берекелі тірлік орнаған.

Нұрсұлтан Назарбаев біздің көп-басшымыз ретінде ешкімді қалың қалдырмай, кемсітпей, елдегі ұлт пен барлық ұлыстарды ұйғытып, біріктіруге тырысып келеді. Осының барлығы біздер бір елдің азаматты ретінде сезінуіміз үшін жасалып жатқан шаруа.

Елбасының

### САЙЛАУ

# «Нұротандықтар» жеңіске жетті

Қазан айының 25-і күні еліміз бойынша жергілікті атқарушы органдардың сайлауы өткен болатын. Кеше «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының хатшысы Сергей Громов соған байланысты арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, алдын ала мәліметтерді жеткізді.

### Сиезбек ДӘУІР

Еліміздің 55 сайлау округінде барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына барлығы 129 үміткер қатысып, бақ сынаған. Олардың 67 пайызы аудандық, 19 пайызы қалалық және 14 пайызы облыстық мәслихаттағы орындардан үміткерлер еді. Сайлау өтетін барлық 55 сайлау округтерінде «Нұр Отан» партиясының кандидатурасы ұсынылған болатын. Доғара өзге партиялар мен қоғамдық ұйымдардың да үміткерлері қатысты. 70 үміткер өзін-өзі ұсыныса, Қазақстанның коммунистік халықтық

партиясынан 2, қоғамдық бірлестіктерден 2 үміткер сығана түскен. «Нұр Отан» партиясының хатшысы Сергей Громовтың сөзінше, осы сайлауда дауым беруі тиіс электротартын 70 пайыздайы азаматтық борышын өтегті. Барлық сайлау уақасында «Нұр Отан» бақылаушылары болған. «Сайлаудың ресми қорытындысын Орталық сайлау комиссиясы қазан айының соңына дейін жариялайды» деген партия хатшысы сайлау штабтары мен бақылаушылардан түскен мәліметтерге сүйеніп отырып, «55 округтің бәрінде «Нұр Отан» үкілет қосқан үміткерлері жеңіске жеткен деген алдын ала деректерді қуанышпен жайып салды».

Елбасының